

**Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, коррозияға төзімді (тоттанбайтын) болаттан жасалған жіксіз құбырларға қатысты демпингке қарсы шараның қолданылуын ұзарту туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 185 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 109-тармағының бесінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. "Украинада шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, коррозияға төзімді (тоттанбайтын) болаттан жасалған жіксіз құбырларға қатысты демпингке қарсы баж енгізу арқылы демпингке қарсы шара қолдану туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 6 шешімімен белгіленген демпингке қарсы шараның қолданылуы қоса алғанда 2021 жылғы 18 қазанға дейін ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдары осы Шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2021 жылғы 18 қазанға дейін, алдын ала демпингке қарсы баждарды алу үшін белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 6 шешімімен белгіленген ставкалар бойынша демпингке қарсы баж алуды қамтамасыз етсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2021 жылғы 26 ақпаннан кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*